


БАЛА МЕН БАЛАБАКША

Республикалық педагогикалық журнал

№9, 2021

Республиканский педагогический журнал

РЕБЕНОК В ДЕТСКОМ САДУ



«Қазақтың салт-дәстүрі Бесікке салу»

Өтеу Райхан, «Ай-Жұлдыз» балабақшасының тәрбиешісі
Атырау қаласы



Мақсаты: Балаларды өз елінің бала тәрбиесіне қатысты салт – дәстүрімен таныстыру. Соның ішінде бүлдіршіндерге қазақтың бесікке салу дәстүрін көрсету. Оның маңызы туралы айтып түсіндіру. Балаларды өз елінің салт - дәстүрін білуге құштарландыру, сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.

Дамытушылығы: Балалалардың тілін, сөйлеу қабілетін жетілдіру. Ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелілігі: Өз елінің салт - дәстүрін құрметтеп, қас-терлеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Бесік, бесік жабдықтары, қуыршақ

Билингвальды компонент: бесік - колыбель, сәби – ребенок.

Әдіс-тәсілдер:

1. Шаттық шеңбері.
2. Түсіндіру .
3. Тосын сәт.
4. Таппақтар.
5. Қорытындылау.

Шаттық шеңбері :

*Біз балдырған тең басқан,
Дос құшағын кең ашқан.
Тілегіміз тыныштық,
Ашық болсын кең аспан.*

Балалар бүгін біздерге көптеген қонақтар келіпті. Қонақтармен амандасайық.

Балалар, бүгін біз қазақ халқының салт – дәстүрімен танысамыз. Қазақтың салт- дәстүрлері өте көп. Мысалы :

Шілдехана
Қыркынан шығару
Бесікке салу
Тұсауесер
Сүндет той

Ал, бүгін балалар, мен сендерге бесікке салу рәсімі туралы түсіндіремін.

Бесікке салу – нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген үлкендерге тапсырылады. Алдымен бесікті жабдықтап алады, содан соң сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді. Және Бесік жыры айтылады.

Билингвальды компонент: бесік - колыбель, сәби – ребенок.

Тосын сәт. Балалар, бізге хат келген сияқты. Кімнен келді екен. (хатты оқу)

Қәне, хатты оқийн:

Құрметті, менің немерелерім! Мен сендерді қатты сағындым. Сол себепті сендерді немеремнің бесікке салу рәсіміне шақырамын. Сендерді асыға күтемін. Сағынышпен сендердің әжелерін!

Балалар, қонаққа барғыларың келеме?

Ендеше, жолға шығайық.

(Әженің үйіне келеді)

- Саламатсызба, әже?

- О, құлыншақтарым мен сендерді қатты сағындым. Келгендерің қандай жақсы болды.

Бүгін міне, немеремді бесікке салғалы отырмын, сендерге де сол дәстүрді көрсетейін деп шақырдым.

Әже баланы бесікке салады.

Бесікті аластайды.

Алас, алас баладан алас.

Иесі келді, пәледен көш

Алас, алас баладан алас.

Көзі жаманның, көзінен алас,

Тілі жаманның тілінен алас.

Қырық қабырғасынан алас

— Әдемі, сұлу болсын деп, басына айна мен тарақ жастайын. Көзден сақтасын деп, тұмар байлайын. Қамшыдай өткір болсын деп басына қайшы жастайын. Түбекке тәттілер салып қонақтарға үлестіреді.

- Жаңа туған сәбиді қазақ халқы бесікке бөлейді. Бесік киелі зат. Бесікке бөленген бала таза, ұйқысы шала емес болып, өседі.

Енді, жаңа туған сәбиді ұйықтату үшін «Бесік жырын» айтып берейін.

Әлди әлди ақ бөпем

Ақ бесікке жат бөпем

Жылама бөпем жылама

Жілік шағып берейін

Байқұтанның құйрығын

Жіпке тағып берейін

Міне балалар, әжеміз біздің салт – дәстүріміз туралы жақсы мағлұмат берді. Енді, бізде әжемізге өз өнерлерімізді көрсетейік.

Қандай салт- дәстүрмен таныстық ?

Бесікке салу.

Балалар біз бүгін қайда бардық?

Әжеге

Әже не істеді?

Сәбиді бесікке салды, тәттілер таратты.